

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1309 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4,33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 109-құжат; N 15122, 139-құжаттар; N 18,42-құжат; N 21-22, 160-құжат; M 23, 171-құжат, 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24,153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат, N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; Я 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат, N 12, 72, 77-құжаттар; N 13,85 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар);

1) мынадай мазмұндағы 158-2 және 553-1-баптармен толықтырылсын:

"158-2-бап. Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасын б ұ з у

1. Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың туристерге саяхаттың ерекшеліктері туралы, саяхат жасаған кезде оларға кездесуі мүмкін қауіптер туралы мәлімет бермеуі немесе уақытылы немесе толық бермеуі, не туристердің қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асырмауы - жеке тұлғаларға - бес, жеке кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың туристік қызмет көрсетуге шарт жасаспай туристік қызметтерді көрсетуі -

жеке тұлғаларға - бес, жеке кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -

жеке тұлғаларға - он, лауазымдық тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың мүдделі мемлекеттік органдарға және тұлғаларға саяхат кезінде туристер душар болған төтенше жағдайлар туралы, сондай-ақ саяхаттан қайтпай қалған туристер туралы ақпарат бермеуі немесе уақытылы б е р м е у і -

жеке тұлғаларға - он, лауазымдық тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) -

жеке тұлғаларға - жиырма, лауазымдық тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге - елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Туристік қызметтерді дербес көрсететін гид (гид-аудармашы), туризм нұсқаушысы, экскурсияны осы бапта көрсетілген жеке тұлғалар деп түсіну қажет";

"553-1-бап. Туристік қызмет саласындағы уәкілетті, орган

1. Туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 158-2-бабында (бірінші-үшінші бөліктерінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік

жазалады қолдануға туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары құқылы.";

2) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "158," деген цифрлардан кейін "158-2 (төртінші-бесінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның (158-2 (төртінші-бесінші бөліктерінде), 356, 357-3-баптар)".

2. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; N 4, 33-құжат; 2003 ж., N 23, 168-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "туристік ұйымдар", "туристік ұйымдарының", "туристік ұйымдарды", "туристік ұйымдарда", "туристік ұйымдардың", "туристік ұйымның", "туристік ұйымға", "туристік ұйым", "туристік ұйымдары" деген сөздер тиісінше "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларының", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларды", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларда", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаның", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаға", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлға", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың, туристік бағдарлар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасының туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларын, туристік бағдарлары мен соқпақтарын есепке алу құжаты;"

10) тармақшадағы "өткізу жөніндегі" деген сөздерден кейін "кәсіпкерлік" деген сөзбен толықтырылсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) туристік қызмет - жеке және/немесе заңды тұлғалардың туристік өнімді ұйымдастыруды, қалыптастыруды, жылжытуды, сатуды ұйымдастыру және жекелеген немесе кешендік туристік қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі";

12) тармақшадағы "заңды тұлғалардың (бұдан әрі - туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристерге өткізу жөніндегі қызметі" деген сөздер "жеке және/немесе заңды тұлғалардың (бұдан әрі - туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристерге өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) туристік сала - негізгі қызмет саласы туристік өнім жасау және туристік қызметтер көрсету, оларды ішкі және сыртқы нарықтарға жылжыту және өткізу болып табылатын экономика саласы;" ;

14) тармақша алып тасталсын;
3) 9 - бапта :

2-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) ішкі, келу, әлеуметтік және өз бетінше туризмді қолдау және дамыту;

3-тармақтың 3) тармақшасындағы "туристік индустрияның қызмет көрсетулерін стандарттау және сертификаттау" деген сөздер "туристік индустрияны стандарттау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10, 11 және 12-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі :

1) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оның ішінде осы саладағы инвестициялық саясатты әзірлейді;

2) туристік қызмет саласындағы уәкілетті органды айқындайды;

3) туристік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды ;

4) туристік қызмет саласындағы ғылыми қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесін құрады ;

5) туристік қызметті лицензиялау ережелерін және туристік қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

6) туристік қызмет көрсетуге үлгілік шартты бекітеді;

7) шетелдік мемлекеттермен туризм саласындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады.

11-бап. Уәкілетті органның құзыреті
Уәкілетті орган :

1) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасын, қысқа, орта және ұзақ мерзімдерге арналған туризм мен туристік индустриясын дамыту стратегиясын және мемлекеттік (салалық) бағдарламаларын әзірлейді және бекітуге береді ;

2) туристік салаға инвестицияларды тарту жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

3) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты, туризм мен туристік индустрияны дамыту стратегиясын және мемлекеттік (салалық) бағдарламаларын іске асырады ;

4) туристік қызмет саласындағы қызметті салааралық және өңіраралық үйлестіруді, оның ішінде облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы

органдардың туризмді дамыту бағдарламалары мен жоспарларын үйлестіруді, туристік қызмет саласындағы меншік нысандарына қарамастан отандық, шетелдік және халықаралық туристік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды үйлестіруді жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуды жою туралы талаптарды соттарға береді;

6) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жазаларды қолданады;

7) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

8) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың туристік қызметті лицензиялау ережесін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

9) өз құзыреті шегінде туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасасады және орындайды, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және іс-шараларда туризм саласындағы мемлекет мүдделерін білдіреді және олардың жұмысына қатысады;

10) орналастыру орындарын жіктеу ережесін бекітеді;

11) орналастыру орындарына санаттар беруді жүзеге асырады;

12) Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың қызметкерлерін аттестациялау ережесін бекітеді;

13) Туристік-экскурсиялық қызметтер көрсету (жорықтар, экскурсиялар, турлар және туристік бағдарлар бойынша саяхаттар) ережесін бекітеді;

14) туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың, туристік бағдарлар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімдерін қалыптастырады және жүргізеді;

15) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп туристік қызмет саласындағы стандарттау жөніндегі қызметті реттейді;

16) ұлттық туристік өнімді, оның ішінде туристік қызмет саласындағы республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу жолымен жылжытуды жүзеге асырады;

17) Қазақстан және оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде таратады;

18) туризм мен туристік индустрияны дамытудың стратегиялық бағыттарын кешендік талдауды, болжауды жүзеге асырады және туристік саланың дамуы жағдайының мониторингін жүргізеді;

19) туристік қызмет саласындағы баспа, жарнамалық және картографиялық өнімді, туристік нарықты зерттеуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастырады.

12-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган:

- 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;
- 2) туризмді және туристік индустрияны дамыту стратегиясы және мемлекеттік (салалық) бағдарламалары шеңберінде облыстық туризмді дамыту бағдарламалары мен жоспарларының жобаларын әзірлейді;
- 3) облыстық туризмді дамыту бағдарламаларын орындауға бағытталған іс-шарларды іске асырады;
- 4) турагенттік, туроператорлық қызметті және туризм нұсқаушысының қызмет көрсетуін лицензиялауды жүзеге асырады;
- 5) лицензиялық ережелердің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 6) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау қажеттілігіне қатысты туроператордың және турагенттің талаптардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың, туристік бағдарлар мен соқпақтардың тізілімдерін қалыптастырады және жүргізеді және оны уәкілетті органға тоқсан сайын береді;
- 8) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасайды және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туризмнің дамуы туралы қажетті деректерді уәкілетті органға береді;
- 9) облыстық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеп, енгізіледі;
- 10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туризм индустриясы объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- 11) балалар мен жастар лагерьлерінің қызметіне жәрдем көрсетеді;
- 12) туристік қызмет субъектілеріне олардың қызметін ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;
- 13) туристік қызмет саласында халықты жұмыспен қамту шарасы ретінде кәсіпкерлікті дамытып, қолдайды;
- 14) туристік қызмет көрсетулерді және туризм объектілерін жарнамалайды, туристік ақпаратты береді, туристік ақпарат орталықтарын құрады."

5) 13 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Туризм жөніндегі кеңестің құрамына уәкілетті органның және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ қауымдастықтардың және басқа да туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар бірлестіктерінің өкілдері кіреді."

4-тармақтағы "ережені" деген сөз "ережені және құрамын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

б) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Туристік ақпарат орталығы

Туристік ақпарат орталығы Қазақстан және оның туристік әлеуеті туралы ақпаратты қалыптастыру және тарату, туристік өнімді халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде жылжыту, сондай-ақ туристік қызмет саласындағы жаңа кәсіпкерлік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету субъектілерін құру мақсатында Үкімет және (немесе) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары қадағалайтын ұйым болып табылады.";

7) 15 - б а п т а :

2-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Туристік қызметке берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және/немесе шақырту туралы шешім мүдделі мемлекеттік органдарға хабардар етіледі және уәкілетті орган белгілеген мерзімді баспа басылымдарында жарияланады.";

8) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Орналастыру орындарының жіктемесі

1. Туристік ағынды және келу мен ішкі туризмнен кірістерді қонақүйлер және басқа да орналастыру орындарына қазақстандық және шетелдік тұтынушылардың сенімін нығайту арқылы арттыруға жәрдемдесу мақсатында оларды жіктеу жүзеге асырылады.

2. Жіктеу жүргізу кезінде Орналастыру орындарын жіктеу ережесінің негізінде санаттардың біріне аттестациялауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орналастыру орындарының сипаттары қаралады.

3. Орналастыру орындарын жіктеу ережесі орналастыру орында орындарының негізгі мақсаттарын, ұйымдық құрылымын, ең төменгі талаптарды айқындайды және орналастыру орындарының санаттарын беру тәртібін реттейді (орналастыру орындарының тиістілігін бағалауды жүргізуді және оларды тиісті санатқа аттестациялауды және басқаларды қамтитын рәсім).";

9) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Туристік қызмет саласындағы стандарттау

Туристік қызметті стандарттау техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.";

10) 17 - б а п т а :

2 және 7-тармақтар алып тасталсын;

5, 6, 11, және 12-тармақтардағы "туроператор немесе турагент", "туроператорға немесе турагентке", "туроператор мен турагент", "туроператорларды, турагенттерді", "туроператорлар мен турагенттер" деген сөздер тиісінше "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлға", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаға", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлға", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларды", "туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 18-баптың 6-тармағындағы "Туроператор мен турагент" деген сөздер "Туристік

қызметті жүзеге асырушы тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 1 9 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар";

1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

1 3) 2 0 - б а п т а :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың бірлестіктері";

"Заңды тұлғалар болып табылатын туроператорлар мен турагенттер, туристік индустрияның өзге де ұйымдары" деген сөздер "Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар, өзге де тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 2 3 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

15) 24-баптың 4) тармақшасындағы "туроператор немесе турагент" деген сөздер туристік қызметті жүзеге асыратын тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 6) 2 6 - б а п т а :

3-тармақтағы "туроператорларды, турагенттерді" деген сөздер "туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "туристке" деген сөзден кейін "саяхат басталғанға дейін үш күн бұрын жазбаша түрде" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар туристік қызмет және төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органдарға және жақын туыстардың біреуіне саяхат кезінде туристер душар болған төтенше жағдайлар туралы, сондай-ақ саяхаттан қайтпай қалған туристер туралы білген немесе білуі тиіс сәтінен дереу хабарлауға м і н д е т т і .

Егер Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік туристер немесе туристер - Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасынан тыс жерде төтенше жағдайға душар болса, туристік қызметті жүзеге асырушы тұлғалар дипломатиялық қызмет органдарына да хабарлауға міндетті.";

1 7) 2 8 - б а п ж а ң а р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"28-бап. Туристік қызмет туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Туристік қызмет көрсетуге шарт жасаспай туристік қызметтер көрсетуге тыйым с а л ы н а д ы .

2. Туристік қызмет туралы заңнаманы бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапкершілік артады.";

1 8) 2 8 - 1 - б а п м ы н а д а й м а з м ү н д а ғ ы 1 - 1 - т а р м а қ п е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"1-1. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау қажеттілігіне қатысты талаптардың орындалуын, сондай-ақ тексерулер және (немесе)

құжаттар сұрату арқылы лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады."

3. "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 179-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1 - б а п т а :

9) тармақшадағы "жөніндегі" деген сөзден кейін "кәсіпкерлік" деген сөзбен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "заңды тұлға" деген сөздер "кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және/немесе заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 3, 21-құжат; N 16, 99-құжат):

көрсетілген Заңға қосымша мынадай мазмұндағы 29-тармақпен толықтырылсын:

"29. Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік орган:

1) Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасының орындалуын бақылау;

2) туристік қызметті лицензиялау ережесінің сақталуын бақылау;

3) туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау қажеттілігіне қатысты талаптардың орындалуын бақылау."

2-бап. Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті